Шымкент қаласы білім басқармасы
**«№ 136 жалпы орта білім беретін мектебі»**
шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения
**«Общеобразовательная средняя школа № 136»**
управления образования города Шымкент

Шымкент қаласы, Абай ауданы, Самал-3 мөлтек ауданы, 2083А ғимарат. БИН: 201140024738. Тел: 8 (7252) 27-40-45.

**БҰЙРЫҚ № 220/5**
2024 жылғы 18 қыркүйек
Шымкент қаласы

**ПРИКАЗ № 220/5**
18 сентябрь 2024 год
город Шымкент

**«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубын құру туралы**

Мектепте сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу мақсатында
**БҰЙЫРАМЫН:**

Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыруға жәрдемдесетін және қатысатын «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы құрылсын.

1. 5-9 сынып, 10-11 сыныптарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастыруды қамтитын тәрбие жұмысын жүргізу тәртібі енгізілсін.
2. «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының ережесін, жоспарын құру жауапкершілігі ДТЖЖО Б.А.Ибрагимов, М.С.Умбетоваға жүктелсін.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмысының күнтізбедік іс-шаралар өткізудің, қоғамдық ұйымдармен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкілетті орган және өзге де органдармен өзара әрекеттестік іс-шаралар жоспары жасақталып бекітілсін.
4. «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубтары төмендегі бағытта секциялар арқылы жұмыс жүргізілуі қамтамасыз етілсін
   а) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім
   ә) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық
   б) Мәдени- бұқаралық, іс-шаралар
5. Осы бұйрықтың орындалуын Б.А.Ибрагимов пен М.С.Умбетоваға жүктелсін.

**Мектеп директоры: Л.Н.Мырзакасымова**

Шымкент қаласы білім басқармасы
**«№ 136 жалпы орта білім беретін мектебі»**
шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения
**«Общеобразовательная средняя школа № 136»**
управления образования города Шымкент

Шымкент қаласы, Абай ауданы, Самал-3 мөлтек ауданы, 2083А ғимарат. БИН: 201140024738. Тел: 8 (7252) 27-40-45.

**БҰЙРЫҚ №203/1**
2024 жылғы 01 қыркүйек
Шымкент қаласы

**ПРИКАЗ №203/1**
01 сентябрь 2024 год
город Шымкент

**Мектепте ақша жинамау және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер» туралы**

Шымкент қаласы білім басқармасының 2023 жылғы 20 тамыз күнгі №356 н/қ санды хатына сәйкес және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ Заңын орындау мақсатында және Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы №802 Жарлығымен бекітілген ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын және ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі» Шымкент қаласы бойынша департаментімен бірлесіп «Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» бойынша кешенді жоспарына сәйкес білім беру ұйымдарында арнайы іс-шаралар жоспары бекітіліп, тапсырмалар мерзімінде орындалуы жүзеге асырылып, орындалуы тиісті құжаттармен рәсімделіп, әлеуметтік желілерде кеңінен жариялансын.
2. Білім беру ұйымдарында қоғамдық ұйымдар мен педагог қызметкерлердің қатысуымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама бойынша тоқсан сайын семинарлар өткізілсін.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру бойынша білім беру ұйымдары арасында тәжірибе алмасу бойынша диалог алаңдары тоқсан сайын ұйымдастырылсын.
4. Ата-аналар жиналысын өткізу барысында заңсыз ақшалай қаражат жиналудың алдын алу мақсатында тоқсан сайын қатаң түрде ескере отырып, жиналыстар өткізілсін.

5. Білім беру ұйымдарында заңсыз алымдарға тыйым салу туралы жаңа оқу жылы басында бұйрықтар қабылдансын.
6. Білім беру ұйымдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпараттық стендтер жаңарту жұмыстары жүргізілсін.
7. Білім беру ұйымдарында оқушыларға ерікті клубтары мен «SANALY urpaq» студенттік клубтарының қызметтері жандандырылсын.
8. Білім беру ұйымдарында әр жылы қараша–желтоқсан айларында сыбайлас жемқорлыққа тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыстары жүргізілсін.
9. Білім басқармасы басшысының қатысуымен өткізілген БАҚ және ...
10. Білім беру ұйымдарының ресми интернет-ресурстарының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» бөлімін өзектендіру жұмысы жандандырылсын.
11. Білім беру ұйымдарында мемлекеттік сатып алу порталының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бағасын көтеру мәніне тоқсан сайын мониторинг жасалсын.
12. Жоғары сынып оқушылары TEDx форматында әр түрлі салаларда жетістікке жеткен спикерлерді шақыра отырып кездесулер ұйымдастырылсын.
13. Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмыстары қағида талаптарына сәйкес жүргізілсін.
14. Орта білім беру ұйымдары басшылары ата-аналар мен қамқоршылық кеңес мүшелері алдында тоқсанына бір рет есептік кездесулер өткізсін.
15. Парасаттылық пен Академиялық адалдық мәселелеріне арналған «Адалдық сағаты» бірыңғай сағаты ай сайын ұйымдастырылсын.
16. Республика күніне арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпта оқушылар арасында «Дебат» пікірталас турнирлері ұйымдастырылсын.
17. Орта білім беру ұйымдарында жас көшбасшылар мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шеберлік сыныптары өткізілсін.
18. Зейнеткер жасына таяған қызметкерлерді жас мамандармен алмастыру және негізгі лауазымына қоса атқаратын қызметкерлердің заң талаптарына сәйкестігі қадағалансын.
22. Білім беру ұйымдарында кез келген іс-шаралар ұйымдастыруға, мекеме басшылығына, педагогтарға сыйлықтар алуға жол бермеу және де мекемеге қажетті кеңсе заттары мен шаруашылық заттарын сатып алу, тағы басқа мақсатта (оқу кабинеттерін жабдықтау, сыныпқа гүл, кабинетті гигиеналық құрал-жабдықтар) түрлі себептермен кез келген мерекелік іс-шараларға ақшалай және заттай жинауға қатаң тыйым салынсын.
23. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 21.02.2012 жылғы «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидалары туралы» №57 Бұйрығының талаптарын қатаң сақтай отырып, педагогтерді жұмысқа қабылдауда конкурс тәртібімен ашық жүргізу, педагогтарға жүктемелерді үлестіріп және

педагогтарға сағат бөлу барысында 1 ставкадан кем емес ашықтық жұмыстары жүргізілсін.
24. Білім беру мекемелерінде педагог қызметкерлердің біліктілігін көтеру мақсатында аттестаттаудан өткізу және марапаттауға (педагогикалық кеңес шешімі және кәсіподақ комитетінің ұсынысы негізінде) байланысты сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу қатаң қадағалансын.
25. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының ережесіне сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы бұрыштар жасақталып, мекеменің көбірек көрінетін жеріне арнайы тақталар ілініп, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу туралы плакаттар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің тәулік бойы жұмыс істейтін 1424 Call-орталығы, ҚР Бас прокуратурасының 115 Call-орталығы, Шымкент қаласы білім басқармасының 39-49-26 Call-орталығының нөмірі көрсетілген хабарламалар орналастырылсын. Мекеменің арнайы әлеуметтік (Facebook, Instagram) желілерінде бейнероликтер мен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы материалдар тұрақты түрде жарияланып, мекеменің штаттық кестесіне сәйкес барлық қызметкерлер туралы мәлімет жаңартылып отыратындығы басшылыққа алансын.
26. Осы бұйрықтың талаптарын орындау және жүзеге асыру білім беру ұйымдарының бірінші басшыларына міндеттелсін.
27. Осы бұйрықтың орындалуын мектеп директорларының жауапты орынбасарлары М.Есмурзаеваға, Б.Ибрагимовке, А.Ешенбаеваға, П.Садыбековаға, А.Манакбаеваға, А.Тасибековаға, Б.Агмановқа жүктелсін.
28. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім басқармасы тарапынан жүзеге асырылсын.

Мектеп директоры Л.Н.Мырзакасымова

Шымкент қаласы білім басқармасы **«№ 136 жалпы орта білім беретін мектебі»** шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения **«Общеобразовательная средняя школа № 136»** управления образования города Шымкент

Шымкент қаласы, Абай ауданы, Самал-3 мөлтек ауданы, 2083А ғимарат. БИН: 201140024738. Тел: 8 (7252) 27-40-45.

**БҰЙРЫҚ №** 204/1
2024 жылғы 01 қыркүйек
Шымкент қаласы

**ПРИКАЗ №** 204/1
01 сентябрь 2024 год
город Шымкент

**Мектепте сенім жәшігінің жұмысын ұйымдастыру туралы**

Мектеп оқушылары арасында құқықбұзушылықты болдырмау және оқушылар арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алумақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Оқушылар арасында құқықбұзушылық пен зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында «Сенім жәшігінің» жұмысы жүйелі түрде ,комиссия мүшелерімен бірлесе отырып жүргізілсін. «Сенім телефоны» жұмысын ұйымдастыру жөнінде комиссия мүшелері құрылсын.
2. «Сенім жәшігі» жұмыстарын ұйымдастыру жөнінде комиссия мүшелері құрылсын.
3.Комиссия мүшелеріне ДТЖЖО Б.А.Ибрагимов, П.И.Садыбекова педагог-психолог А.Базарбаева, А.Жоланова, әлеуметтік-педагог Ж.Естаева бекітілсін.

4.Сенім жәшігіне түскен арыз-шағымдар мен ұсыныстар уақытында қаралсын.
5.Осы бұйрықтың орындалуын өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры Л.Н.Мырзакасымова

Шымкент қаласы білім басқармасы
**«№ 136 жалпы орта білім беретін мектебі»**
шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения
**«Общеобразовательная средняя школа № 136»**
управления образования города Шымкент

Шымкент қаласы, Абай ауданы, Самал-3 мөлтек ауданы, 2083А ғимарат. БИН: 201140024738. Тел: 8 (7252) 27-40-45.

**БҰЙРЫҚ №** 220/5
2024 жылғы 18 қыркүйек
Шымкент қаласы

**ПРИКАЗ №** 220/5
18 сентябрь 2024 год
город Шымкент

**«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубын құру туралы**

Мектепте сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу мақсатында
**БҰЙЫРАМЫН:**

Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыруға жәрдемдесетін және қатысатын «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы құрылсын.

1. 5-9 сынып, 10-11 сыныптарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастыруды қамтитын тәрбие жұмысын жүргізу тәртібі енгізілсін.

2. «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының ережесін, жоспарын құру жауапкершілігі ДТЖЖО Б.А.Ибрагимов, М.С.Умбетоваға жүктелсін.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмысының күнтізбедік іс-шаралар өткізудің, қоғамдық ұйымдармен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкілетті орган және өзге де органдармен өзара әрекеттестік іс-шаралар жоспары жасақталып бекітілсін.

4. «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубтары төмендегі бағытта секциялар арқылы жұмыс жүргізілуі қамтамасыз етілсін

а) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім
ә) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық
б) Мәдени- бұқаралық, іс-шаралар

5. Осы бұйрықтың орындалуын Б.А.Ибрагимов пен М.С.Умбетоваға жүктелсін.

**Мектеп директоры:** **Л.Н.Мырзакасымова**

**«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы туралы Ережесі**

**«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының анты:**

«Адал Ұрпақ» еріктілер қатарына қабылдана отырып:

Қазақстан Республикасының патриоты болуға;

Өз отанымды, тілімді қастерлеуге;

Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге;

Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге;

Білімге құштар болуға;

Салауатты өмір салтын ұстануға;

Абройлы, адал, әділетті болуға;

Өз бойымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстануға және оны өз достарымнан талап етуге, мәңгілік ел идеясын жүзеге асыруға. Отаныма шексіз қызмет етуге өз үлесімді қосуға салтанатты түрде ант етемін.

**«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клуб мүшелерінің құрамы болуы шарт:**

-Клуб жетекшісі;

-Клуб басшысы;

-Клуб мүшелері секция жетекшілері-

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім секциясының жетекшісі
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық секциясының жетекшісі
3. Мәдени көпшілік іс-шаралар секциясының жетекшісі болуы тиіс.
4.

**«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының логотиптері болуы тиіс:**

- клубтың Туы;
- клубтың төсбелгісі;

клубтың шарфы болады

*«Адал Ұрпақ» рухани, моральдық және азаматтық-патриоттық тәрбие жағдайында*

*1. Жалпы ережелері*

Осы мектеп ортасында жемқорлыққа қарсы тұру мәдениетін, рухани-адамгершілік және азаматтық –патриоттықтық тәрбие құрамында қалыптастыру бағдарламасы (бұдан әрі Бағдарлама) тәрбиенің Концептуалдық негіздеріне, мектеп ортасында жемкорлыкка карсы тұру мәдениетін, рухани-адамгершілік және азаматтық – патриоттықтық тәрбие құрамында қалыптастыру Бағдарламасына сәйкес әзірленіп, жемқорлыққа карсы бағыттағы іс шараларын қамтыған тәрбие жұмысын жүргізу ретін анықтайды.

*2.Тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттері*

2.Осы Бағдарламаның мақсаты жоғары адамгершілікті, жауапты, талапты және әлеуметті білікті азамат пен патриот қалыптастырып дамыту.

*3. Нұсқалған мақсаттарға жету үшін келесі міндеттер қойылады:*

1) рухани-игіліктілік пен азаматтық- патриоттықты тәрбиелеуге бағытталған шараларды іске асыру;
2) білім алушылардың мемлекеттік үкімет институттарына сенімін арттыру;
3) білім алушылардың саяси-құқықтық білімін қалыптастыру;
4) білім алушылардың жемқорлыққа қарсы сипаттыигілікті-әдептік құндылықтарын қалыатастыру.

*4.Кешенді ісшараларды өткізу үшін келесі тәрбие түрлері пайдаланылады:*

1) адамгершілік тәрбиесі моральдық-әдептілікті, әр оқушының жемқорлыққа шыдамсыздығын қалыптастыруға бағытталған;
2) әлеуметтік-құқықтық тәрбие азамат пен мемлекет арасындағы қарым-қатынастың мәні туралы түсінік алуға, құқықтары мен міндеттеріне, құқықтық нормаларды сақтау қажеттігіне көз жеткізуге, жемқорлықтың қоғам үшін қауіптілігін түсінуіне бағытталған;
3) эстетикалық тәрбие мектеп оқушыларының эстетикалық ұнатынымы мен қоршаған болмысқа тілектестік және отан сүйгіштік қатынас қалыптастыруға жағдай жасайтын өнер туындыларының, әдебиеттің көркемдігін түсінушілігін дамытуға бағытталған.

*3.Тәрбие жұмысын ұйымдастыру*

5. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру жалпы білім беретін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу ұйымдарында (бұдан әрі - жалпы білім беретін мектептер) жүзеге асырылады.

6. Тәрбие жұмысына басшылық жасау жалпы білім беретін мектептің басшылығы мен сыныпқа жетекшілік ететін педагогикалық қызметкерлерге жүктеледі.

7. Жалпы білім беретін мектептерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, яғни сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайтуға, оның ішінде мектеп оқушыларының заң талаптарын сақтауға ынтасын қалыптастыруға, білім және мәдени деңгейін арттыруға бағытталған іс-шаралар кешені өткізіледі.

8. Жалпы білім беретін мектептерде тәрбие жұмысын ұйымдастыруға жәрдемдесетін және қатысатан «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтары құрылады.

9. Тәрбие жұмысының ұйымдастырушылық негізі:

1) жалпы білім беретін мектептің тәрбие жұмысының тиісті оқу жылына арналған кешенді жоспары;

2) сыныпқа жетекшілік ететін педагогикалық қызметкердің тәрбие жұмыс жоспары;

3) «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмыс жоспары

болып табылады.

10. Осы бағдарламаның 9-тармағында көрсетілген жоспарлар Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша модельдік тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес қалыптастырылады (қоса тіркелген).

11. Жоспарларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмыстың, күнтізбелік іс-шаралар өткізудің, қоғамдық ұйымдармен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкілетті орган және өзге де мемлекеттік органдармен өзара әрекеттестіктің негізгі бағыттары көрсетілген.

12. Тәрбие жұмысын жүргізуде азаматтар, қамқоршылық кеңестер, ата-аналар комитеттері, қоғамдық бірлестіктер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы уәкілетті орган және өзге де мемлекеттік органдар қатыса алады.

**4. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтары**

13. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтарының негізгі міндеттері мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыру болып табылады.

14. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтары келесі секциялардан тұрады: сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім; сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық; мәдени-көпшілік іс-шаралар.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім секциясы дәрістерді, «дөңгелек үстелдерді» және басқа да ағартушылық іс-шараларды ұйымдастыруға қатысады.

16. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық секциясы үздік бейнероликтер, суреттер, шығармалар байқаулары мен іс-шараларын ұйымдастыруға қатысады.

17. Мәдени-бұқаралық іс-шаралар секциясы акциялар, флэш-мобтарды, диалог алаңдар, қоғамдық, ардагерлер ұйымдарының, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерімен кездесулер және басқа да әлеуметтік-маңызды іс-шараларды ұйымдастыруға қатысады

Бекітемін
Мектеп директоры
Л.Н.Мырзақасымова

**Шымкент қаласы білім беру басқармасына қарасты №136 жалпы орта білім беретін мектеп оқушыларының сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәдениетін қалыптастыру бойынша «Адал ұрпақ» еріктілер клубының 2024-2025 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары**

**Шымкент 2024-2025ж**

**2024-2025 оқу жылы бойынша мектеп ортасында жемқорлыққа қарсы тұру мәдениетін қалыптастыруға арналған бағдарлама**

**1. Жалпы Ережелер**

1. Осы мектеп ортасында жемқорлыққа қарсы тұру мәдениетін, рухани-адамгершілік және азаматтық –патриоттықтық тәрбие құрамында қалыптастыру бағдарламасы (бұдан әрі Бағдарлама) тәрбиенің Концептуалдық негіздеріне, мектеп ортасында жемқорлыққа қарсы тұру мәдениетін, рухани-адамгершілік және азаматтық –патриоттықтық тәрбие құрамында қалыптастыру Бағдарламасына сәйкес әзірленіп білім басқармасына қарасты №136 жалпы орта мектеп 5-11 сынып оқушылары үшін жемқорлыққа қарсы бағыттағы іс-шараларын қамтыған тәрбие жұмысын жүргізу ретін анықтайды.

**2. Тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттері**

2. Осы Бағдарламаның мақсаты жоғары адамгершілікті, жауапты, талапты және әлеуметті білікті азамат пен патриот қалыптастырып дамыту.

3. Нұсқалған мақсаттарға жету үшін келесі міндеттер қойылады:

1) рухани-игіліктілік пен азаматтық- патриоттықты тәрбиелеуге бағытталған шараларды іске асыру;

2) білім алушылардың мемлекеттік үкімет институттарына сенімін арттыру;

3) білім алушылардың саяси-құқықтық білімін қалыптастыру;

4) білім алушылардың жемқорлыққа қарсы сипатты игілікті-әдептік құндылықтарын қалыптастыру.

4.Кешенді іс-шараларды өткізу үшін келесі тәрбие түрлері пайдаланылады:

1) адамгершілік тәрбиесі моральдық-әдептілікті, әр оқушының жемқорлыққа шыдамсыздығын қалыптастыруға бағытталған;

2) әлеуметтік-құқықтық тәрбие азамат пен мемлекет арасындағы қарым-қатынастың мәні туралы түсінік алуға, құқықтары мен міндеттеріне, құқықтық нормаларды сақтау қажеттігіне көз жеткізуге, жемқорлықтың қоғам үшін қауіптілігін түсінуіне бағытталған;

3) эстетикалық тәрбие мектеп оқушыларының эстетикалық ұнатынымы мен қоршаған болмысқа тілектестік және отан сүйгіштік қатынас қалыптастыруға жағдай жасайтын өнер туындыларының, әдебиеттің көркемдігін түсінушілігін дамытуға бағытталған.

**3. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру**

5. Тәрбиелік жұмыстар білім басқармасына қарасты №136 жалпы орта білім беретін мектебінде ұйымдастырылады.

6.Тәрбие жұмысын басқару ДТЖЖО С.М.Умбетова,П.И.Садыбекова жүктеледі.

7. Мектепте мектеп ортасында жемқорлыққа қарсы мәдениетін,мектеп оқушыларының заң талаптарын сақтауға деген ынтасын қалыптастыруға,

білім мен мәдениет деңгейлерін арттыруға бағытталған шаралар кешені өткізіледі.

8.Мектепте құрылған ерікті «Адал Ұрпақ» мектеп клубы тәрбие жұмысын ұйымдастыруға қатысып қолдау жасайды.

9. Тәрбие жұмысының ұйымдастырушылық негізі:

1)2024-2025 оқу жылына мектептің тәрбие жұмысының кешенді жоспары;

2) сыныптың тәрбие жұмыс жоспары;

3) Ерікті«Адал Ұрпақ»мектеп клубының жұмыс жоспары.

10. Осы бағдарламаның 9 тармағында қарастырылған жоспарлар мектеп ортасында жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастырубойынша тәрбие жұмысы модельдік жоспарға сәйкес қалыптастырылады(қоса беріледі).

11. Жоспарда тәрбие жұмысының негізгі бағыттары, жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға, қоғамдық ұйымдармен, жемқорлықа қарсы әрекет жасауға өкілетті органдарымен және басқа мемлекеттік органдармен өзара әрекеттерге бағытталғанкүнтізбелік іс шаралардың өткізілуі беріледі.

12. Тәрбие жұмысын жүргізуге азаматтар және қамқорлық кеңестері, ата-аналар комитеті, қоғамдық бірлестіктер, жемқорлыққа қарсы тұруға өкілетті және басқа мемлекеттік органдар қатыса алады.

## 4. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы

13. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының негізгі міндеттері болып мектеп ортасында жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру, жемқорлыққа төзбеушілікті нығайтуға ынталыларды мадақтау, жемқорлыққа қарсы сипатты шараларға қатысу.

14. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы келесі сипатты секциялардан тұрады: жемқорлыққа қарсы білімдер; Жемқорлыққа қарсы ақпарат пен шығармашылық; жаппай мәдениеттік шаралар.

15. Жемқорлыққа қарсы білімдер секциясы лекциялар, «дөңгелек үстелдер және басқа ағарту шараларын ұйымдастыруға қатысады .

16. Жемқорлыққа қарсы ақпарат пен шығармашылық секциясы үздік бейнероликтер, суреттер, шығармалар сайыстары мен шараларды ұйымдастыруға қатысады.

17. Жаппай мәдениеттік шаралар секциясы науқандар, флэшмобтар, диалогтік алаңдар, қоғамдық, ардагерлер ұйымдары,мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерімен кездесулер және басқа әлеуметтік-мәнде шаралар ұйымдастыруға қатысады.

## «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы туралы ереже

1. Ерікті «Адал Ұрпақ» мектеп клубының Негізгі мақсаттары мен міндеттері мектеп ортасында жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру, жемқорлыққа төзбеушілікті нығайту бойынша ынталыларды мадақтау, жемқорлыққа қарсы сипатты шаралар ұйымдастыруға қатысу болып саналады.

2. **Ұжым: 1-11**сынып оқушылары.

3. **Құрылымы**

Ерікті «Адал Ұрпақ» мектеп клубы келесі сипатты секциялардан құралған:

- Жемқорлыққа қарсы білімдер;
- жемқорлыққа қарсы ақпарат пен шығармашылық;
- жаппай- мәдени іс шаралар.

3.1 Жемқорлыққа қарсы білімдер секциясы дәрістер, «дөңгелек үстелдер» және басқа да ағартушылық шараларын ұйымдастыруға қатысады.

3.2 Жемқорлыққа қарсы ақпарат пен шығармашылық секциясы үздік бейнероликтер, суреттер, шығармалар шаралары мен сайыстарын ұйымдастыруға қатысады.

3.3 Жаппай - мәдени іс шаралар секциясы науқандар, флэш-мобтар, диалог алаңдарын, қоғамдық, ардагерлер ұйымдарымен,мемлекеттік органдармен кездесулер және де басқа әлеуметтік-мәндішаралар ұйымдастыруға қатысады.

«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы 3 секцияда жұмыс істейді.

1. Жемқорлыққа қарсы білім секциясы- дәрістер, дөңгелек үстел және басқада ағарту шараларын ұйымдастыруға қатысады;
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық секциясы- бейнероликтер мен сурет байқауын өткізуге ұйытқы болады;
3. Мәдени –көпшілік іс-шаралар секциясы- флешмобтар дайындап қоғамдық ұйым өкілдерімен кездесулер өткізеді.

«Бекітемін»
Мектеп директорды
Л.Н.Мырзакасымова

«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны оқушыларының сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәдениетін қалыптастыру бойынша «Адал ұрпақ» еріктілер клубының 2023-2024 оқу жылына арналған

## Іс –шаралар жоспары

| № | Іс-шаралар мазмұны | Мерзімі | Қатысушылар | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| **І бөлім<br>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беруді ұйымдастыру** | | | | |
| 1 | «Адал ұрпақ» ерікті мектепішілік клубы қызметін ұйымдастыру | Қыркүйек | 8-10 | ДТІЖО<br>Педагог ұйымдастырушы<br>Аға тәлімгер<br>АӘД пәні мұғалімі |
| 2 | «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмыс жоспарын бекіту | Қыркүйек | 8-10 | ДТІЖО<br>Педагог ұйымдастырушы<br>Аға тәлімгер<br>АӘД пәні мұғалімі |
| 3 | «Парасатты азамат» бұышын құру | Қыркүйек | 8-10 | Педагог-ұйымдастырушы<br>Аға тәлімгер |
| 4 | Оқушылардың адамгершілігі мен құқықтық мәдениетін жоғарылатуға бағытталған тақырыптық сынып сағаттары | Қазан | 8-10 | ДТІЖО<br>Педагог ұйымдастырушы<br>Сынып жетекшілер<br>Аға тәлімгер |
| 5 | Құқықтық тәрбиелеуде және құқықбұзушылықтың алдын алу мәдениетін соның ішінде сыбайластық жемқорлық қалыптастырудағы отбасының ролі туралы сыныптың ата – аналар жиналысы | Қазан | 8-10 | ДТІЖО<br>Педагог ұйымдасты<br>Аға тәлімгер<br>Сынып жетекшілер |
| **ІІ бөлім<br>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық жұмыстар** | | | | |
| 6 | «Қоғамдық тәртіп негіздері» пікірталас практикумы | 18-қараша | 8-10 | ДТІЖО<br>Педагог ұйымдастырушы<br>Адал ұрпақ мүшелері<br>Аға тәлімгер |
| 7 | «Адалдық жүрген жерде адамдық жүреді» адалдық | 14-қараша | 8-10 | Сынып жетекшілер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | сағаты | | | |
| 8 | «Адамдық -ардың ісі» адал сағаты | 27 Қараша | 8-10 | ДТІЖО<br>Педагог ұйымдастырушы<br>Сынып жетекшілер |
| 9 | «Мемлекеттік қызмет – өмірлік ұстаным» тақырыбы бойынша мемлекеттік қызмет ардагерлерімен, мемлекеттік қызметкерлермен кездесу | 15-желтоқсан | 8-10 | ДТІЖО<br>Педагог ұйымдастырушы<br>Аға тәлімгер<br>Адал ұрпақ мүшелері |
| 10 | «Адалдықты мұра еткен Ұлы Абай» адалдық сағаты | 18-Қаңтар | 8-10 | ДТІЖО<br>Педагог ұйымдастырушы<br>Аға тәлімгер<br>Адал ұрпақ мүшелері<br>Сынып жетекшілер |
| 11 | «Бүгінгі күннің талабы» дөңгелек үстел | 18 ақпан | 8-10 | Педагог ұйымдастырушы<br>Аға тәлімгер<br>Адал ұрпақ мүшелері |
| 12 | «Қазақстан құқықтық мемлекет» айлығы | 12 наурыз | 8-10 | ДТІЖО<br>Педагог ұйымдастырушы<br>Аға тәлімгер<br>Сынып жетекшілер |
| 13 | «Біздің таңдауымыз құқықтық мемлекет» іскерлік ойын | 9-Сәуір | 8-10 | ДТІЖО<br>Педагог ұйымдастырушы<br>Аға тәлімгер<br>Адал ұрпақ мүшелері |
| | **III бөлімі<br>Мәдени – көпшілік іс шаралар** | | | |
| 14 | «Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» атты оқушылар арасында сурет байқауы | 18-Қараша | 3-4 | ДТІЖО<br>Педагог ұйымдастырушы<br>Аға тәлімгер<br>Адал ұрпақ мүшелері |
| 15 | «Мемлекеттік қызметті алу туралы» іскерлік ойын | 23-Желтоқсан | 5-8 | ДТІЖО<br>Педагог ұйымдастырушы<br>Аға тәлімгер<br>Адал ұрпақ мүшелері |
| 16 | «Жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында суреттер көрмесі | 20-Қаңтар | 5-6 | ДТІЖО<br>Педагог ұйымдастырушы<br>Аға тәлімгер<br>Адал ұрпақ мүшелері |
| 17 | Сананы, намысын, адамгершілікті, жауапкершілікті және басқаныда насихаттауға | 24-Ақпан | 7-11 | ДТІЖО<br>Педагог ұйымдастырушы<br>Аға тәлімгер<br>Адал ұрпақ мүшелері |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | бағытталған театрлық қойылым | | | Сынып жетекшілері |
| 18 | «Мемлекеттік қызмет –елдің мүддесіне адал еңбек» эссе байқауы | 12 Наурыз | 5-8 | Қазақ тілі бірлестік мүшелері |
| 19 | «Жемқорлықпен күресу – басты міндетіміз» сынып сағаты | Наурыз | 8-9 | ДТІЖО<br>Педагог ұйымдастырушы<br>Аға тәлімгер<br>Адал ұрпақ мүшелері<br>Сынып жетекшілері |
| 20 | «Транспарентті және есеп беретін мемлекет» бейнероликтер байқауы | 21-Сәуір | 7-11 | ДТІЖО<br>Педагог ұйымдастырушы<br>Аға тәлімгер<br>Адал ұрпақ мүшелері<br>Сынып жетекшілері |

**Аға тәлімгері:** **Ұ.Ы.Күденова**

## Анықтама

Адал ұрпақ тәрбиелеу-қай уақытта болса да өз маңыздылығын жоғалтпаған мәселе.

Халқының мүддесін өз мүддесінен артық қоятын, адалдық, бауырмалдық, адамгершілік сынды асыл қасиеттерді бойына жинай білген тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу-барлығымыздың борышымыз. Болашақ ұрпағымызға тек тәрбие мен білім берумен шектеліп қана қоймай, адал еңбекқорлыққа да үйретуіміз керек. Адал еңбекқорлық-еліне адал қызмет ету және сыбайластық іс – әрекеттерден аулақ болудан тұрады. Өскелең ұрпақ сыбайлас жемқорлықтан аулақ болу үшін мектеп қабырғасынан бастап тәрбиені осы бағытта беру маңызды.

Бала мінезі, азаматтық көзқарасы ата-ана, орта, мектеп тәрбиесі арқылы қалыптасады. Рас, сәби ақ қағаздай болып дүниеге келмек. Қағазға шимайды қалай салсаң, солай түседі. Бала тәрбиесі де осыған ұқсас. Бүгінде білім беру мекемелері осы қағиданы ескеріп, оқушылар бойында әділдік, адалдық қасиеттерін қалыптастыру мақсатында жаңа жобалар жүргізуде. Осындай жобалардың бірі-ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бастамасымен, ҚР Білім және ғылым министрлігінің, жергілікті әкімдіктердің қолдауымен мектеп оқушылары арасында сыбайлас жемқорлыққа «Мүлдем төзбеушілік» қағидатын қалыптастыру аясында республика мектептерінде «Адал ұрпақ» еріктілер клубы» жобасы жұмысын бастаған болатын. Осы жоба аясында №136 жалпы орта білім беретін мектебінде 2024-2025 оқу жылында да «Адал Ұрпақ» еріктілер клубы өз жұмысын жалғастырды. Қазіргі таңда бұл клуб мектеп оқушылары арасында нәтижелі жұмыстар атқарып келеді. Оқушыларымыздың арасында «Адал Ұрпақ» клубының жұмысына қызығушылық танытып, мүше болуға сұраныс білдірген оқушыларымыздың саны күннен-күнге артып келе жатқаны қуантарлық жағдай. Бұның өзі — клубтың нәтижелі еңбегінің бір көрінісі деп білуге болады. Қазіргі уақытта мектебіміздегі барлық 1559 оқушы «Адал Ұрпақ» клубының белсенді мүшелерінің қатарында.

